

Оқытушы: *Н. Жанабек*
Бөлім бастығы: *А. А.*



1 – ДӘРІС

Дәрістің тақырыбы: Кіріспе. Фонетика. Қазақ тілінің алфавиті. Қазақ тіліне тән дыбыстар; дыбыстардың жіктелуі; дауысты және дауыссыз дыбыстар, олардың классификациясы.

Тема лекции: Введение. Фонетика. Алфавит казахского языка. Буквы свойственные только для казахского языка. Гласные и согласные. Классификация звуков.

МАҚСАТЫ: қазақ тілі жайлы түсінік беру. Фонетика саласымен таныстыру. Дыбыстардың жіктелуіне тоқталу.

I. Кіріспе (введение)

Қазақ тіл білімі - қазақ тілін зерттейтін ғылым саласы. Қазақ тілі үлкен 4 саладан тұрады: фонетика, лексика, морфология, синтаксис. Казахский язык так же как и русский язык, состоит из 4-х основных разделов: фонетика, лексика, морфология, синтаксис.

ФОНЕТИКА - (грек. *phônētikos* – дыбыстық, дауыстық) – тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Фонетикада тіл дыбыстарының түрлері, жіктелуі, сөз ішіндегі бір-біріне ықпалы, буын, екпін, орфография, орфоэпия мәселелері қарастырылады.

ФОНЕТИКА – раздел науки о языке, в котором изучаются звуки языка, ударение слов.

ӘЛПБИ - жазуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы.

АЛФАВИТ – совокупность букв, расположенных в определенной последовательности.

Қазақ әліпбиінде 42 әріп бар. В казахском алфавите 42 буквы:

А, Ә, Б, В, Г, Ғ, Д, Е, Е, Ж, З, И, Й, К, Қ, Л, М, Н, Ң, О, Ө, П, Р, С, Т, У, Ү, Ү, Ф, Х, Һ, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, І, Ь, Э, Ю, Я

Дауысты дыбыстар (Гласные)	Дауыссыз дыбыстар (Согласные)	Дыбыс білдірмейді (Не обозначают звуков)
А, Ә, Е, Е, И, О, Ө, У, Ұ, Ү, Ы, І, Э, Ю, Я	Б, В, Г, Ғ, Д, Ж, З, Й, К, Қ, Л, М, Н, Ң, П, Р, С, Т, Ф, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ	Ъ, Ь

(15)

(25)

(2)

Қазақ тіліне тән 9 дыбыс бар: Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ұ, Ү, Һ, І (буквы свойственные только для казахского языка).

Мысалы: әдемі – красивый, өрік – абрикос, құс – птица, жүрек – сердце, қаһарман – герой, гауһар – бриллиант, айдаһар – дракон, т.б.

Дыбыстардың жіктелуі

Тіл дыбыстары 2 үлкен топқа бөлінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстар. Звуки делятся на 2 группы: гласные и согласные.

Дауысты дыбыстар (гласные):

Дауыстыларды айтқан кезде ауа кедергісіз шығады, дыбыстау мүшелері түгел дерлік қатысады. Дауыстылар буын құрайды. Дауыстыларды созып айтуға болады.

Гласные - тип звуков, при артикуляции которых потоку воздуха не создаётся существенных препятствий, соответственно, нигде над гортанью не создаётся существенного воздушного давления.

Тілдің қатысына қарай	Жақтың қатысына қарай	Ерін мен езудің қатысына қарай
Жуан: а, о, ұ, ы, (у) Жіңішке: ә, е, ө, ү, і, и (твердые и мягкие гл)	Ашық: а, ә, о, ө, е, э Қысаң: ы, і, и, у, ұ, ү (открытые и сжатые гл)	Еріндік: о, ө, ұ, ү, у Езулік: а, ә, е, ы, і, и, э (губы округляются и уголки рта тянутся, улыбка)

Ережелер (правила):

Тіл кейін шегініп, артқа қарай тартылыңқырай түсіп айтылған дыбыстар **жуан дауыстылар**, ал тіл алға қарай созылыңқырай түсіп айтылған дыбыстар **жіңішке дауыстылар** болады.

Астыңғы жақтың мүмкіндігінше төмен түсіп, кең ашылуы арқылы жасалатын дауыстылар **ашық**, жақтың сәл ғана ашылуы арқылы жасалатын дауыстылар **қысаңдар** деп аталады.

Еріндік дауыстылар еріннің дөңгеленіп сүйірленуінен жасалса, **езуліктерді** айтқанда ерін екі жаққа тартылып, езу жиырылады.

Дауыссыз дыбыстар (согласные):

Өкпеден шыққан ауаның дыбыстау мүшелері әсерінен кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстарды **дауыссыз дыбыстар** дейміз.

Согласные являются также звуками, при произношении которых происходит сужение голосового тракта, так что воздушный поток оказывается полностью или частично заблокированным и, преодолевая препятствие, изменяет своё направление.

Дауыссыз дыбыстар салдыр мен үннің қатысына қарай **қатаң, ұяң, үнді** болып бөлінеді.

Қатаң дауыссыздар салдырдан жасалса, **ұяңдар** салдыр мен үннен тұрады. Үн мен салдырдан тұратын, бірақ үн басым болып келетін дыбыстар **үнділер** деп аталады.

У дыбысы бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстың орнына жүреді (оқушы, тау). Буква **У** употребляется как гласная, и как согласная (круг, шоу,).

Қатаң дауыссыздар (глухие согл)	Ұяң дауыссыздар (звонкие согл)	Үнді дауыссыздар (сонорные согл)
К, Қ, П, С, Т, Ф, Х, Ш, Щ, Ч, Ц	Б, В, Г, Ғ, Д, З, Ж, Ы	Й, Л, М, Н, Ң, Р, У (БАУ, АУА)

Қатандар мен ұяң дауыссыздар айтылу жағынан ұқсастығына қарай жұп (парные звуки) құрайды: **п-б, ф-в, т-д**, т.б. Мысалы: қорап-қорабы...

II. Жаттығулар мен тапсырмалар (упражнения и задания)

1. Жуан түбірлі сөздерді көшіріп жазыңыз (Выпишите слова с твердыми гласными).

Шаруашылық (хозяйство), әкімшілік (администрация), дәрігер (врач), құрылыс (строительство), ірімшік (творог), тазалық (чистота), мұражай (музей), өсімдік (растение), баяндама (доклад), әңгіме (рассказ), салтанат (торжество), көлік (транспорт), қуаныш (радость), тыныштық (тишина), болашақ (будущее), қағаз (бумага), жаңбыр (дождь), сараптама (экспертиза), тіршілік (жизнедеятельность), қайырымдылық (благотворительность), тұрақтылық (стабильность), өндіріс (производство), от (огонь).

2. Жіңішке түбірлі жануарлар атауларын көшіріп жазыңыз (Выпишите название животных с мягкими гласными).

Елік (косуля), емен (дуб), қалам (ручка), түйе (верблюд), дәптер (тетрадь), ешкі (козел), мәтін (текст), қызмет (услуги), түлкі (лиса), аю (медведь), мақал (поговорка), қасқыр (волк), піл (слон), әріп (буква), жылқы (лошадь), киік (сайгак), жеңіс (победа), бөлтірік (волчонок), қаз (гусь), есек (осел), сиыр (корова), балық (рыба), мысық (кошка).

3. Мына сөздердегі көп нүктенің орнына берілген жұп дауыссыздардың тиістісін жазыңыздар (Вместо знаков многоточия вставьте нужные буквы).

(тт, фф, нн, лл, дд, сс, кк, бб, пп, мм)

Мемлеке...ік (государственный), экспор...аушы (экспортер), ше...ету (отстранение), шар...ы (условный), ха...ама (протокол), аген...ік (агентство), толеран...ылық (толерантность), сипа...ама (описание), өкіле...ілік (полномочие), құжа...ану (документоведение), қасие...і (святой), келі...өз (переговор), жа...ай (массовый), и...овациялық (инновационный), бірі...ен (объединенный), әлеуме...ік (социальный), а...еста...ау (аттестация), ауқа...ы (состоятельный), а...ект (аффект), а...арат (аппарат), айы...ұл (штраф), абонен...ік (абонентская).

4. Төмендегі кісі аттарының жазылу емшелерін есте сақтап, оларды алфавит ретімен жазыңыздар (Запомните правописание имен, и выпишите их в алфавитном порядке).

Фариза, Ырыскелді, Раушан, Орынша, Сақып, Токмырза, Еркебұлан, Жұлдыз, Ахмет, Үміт, Гүлім, Зейнелбек, Ұлжан, Әсем, Досжан, Назым, Мәулен, Өтеген, Хамит, Бақытжан, Сұлушаш, Еркежан, Фатима, Іңкәр, Айым.

5. Ашық және қысаң түбірлі сөздерді ажыратып, теріп жазыңыз (Выпишите слова, укажите в них открытые и сжатые гласные).

Анар (гранат), әсем (красивый), ыдыс (посуда), өкпе (легкие), ұн (мука), ірімшік (творог), есек (осел), оймақ (наперсток), ұлу (улитка), киім (одежда), көмек (помощь), шырын (сок), эссе, өлең (стих), құрылыс (строительство), балалар (дети), күшік (щенок), емен (дуб), үйшік (домик), қалам (ручка), орамал (полотенце), үміт (надежда), әрекет (действие), ғаламтор (интернет), қысым (давление), тігу (шить), әсер (впечатление), тағам (блюдо).

6. Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыз Еріндік және езулік дауысты дыбыстарды тауып, астын сызыңыздар (еріндіктерді бір, езуліктерді екі сызықпен). (Выразительно прочитайте данный отрывок из стихотворения. Укажите в нем «еріндік» и «езулік» гласные).

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол - ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тындаушы көбі надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

(А. Құнанбаев)

7. Берілген мәтінді түсініп оқыңыздар. Алғашқы үш сөйлемнен қатан, ұян және үнді дауыссыз дыбыстарды тауып, белгілеңіздер (Прочитайте данный текст, расскажите краткое содержание. В первых трех предложениях укажите глухие, звонкие и сонорные согласные).

Қазақ Елі Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы

2016 жылдың 16 желтоқсанында - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді.

Осы кезең ішінде не тындырдық? 25 жылда жеткен жетістіктеріміз қандай? Биыл осы сұрақтарға жауап беретін, өткен жылдарға қорытынды жасап, «Мәңгілік Ел» болуға бекінген мемлекетіміздің бүгіні мен келешегі туралы ой толғайтын еліміздің есепті жылы десек, қателеспейміз.

Осы орайда, 2015 жылғы 30 қарашадағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл - тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге

тура келеді.»,- деп алдағы кезеңде кездесетін сын-кәтерлерден мүдірмей өтуге шақырды.

Ал 2015 жылғы 15 желтоқсанда Тәуелсіздік күні қарсаңында сөйлеген құттықтау сөзінде Елбасы: «Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдыршешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа жұлдыз жарқырай туды», - дей келіп, халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрғанын атап өтті.

III. СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

1. Мемлекет – государство
2. Отан – Родина
3. Тәуелсіздік – независимость
4. Тәуелсіз ел – независимая страна
5. Мемлекеттік тіл – государственный язык
6. Ана тілі – родной язык
7. Ресми тіл – официальный язык
8. Мемлекеттік рәміздер – государственные символы
9. Мемлекеттік ту – государственный флаг
10. Мемлекеттік елтаңба – государственный герб
11. Мемлекеттік әнұран – государственный гимн
12. Елорда – столица
13. Ұлтжандылық – патриотизм
14. Ұлттық дәстүр – национальная традиция
15. Ұлттық мәдениет – национальная культура
16. Ұлттық валюта – национальная валюта
17. Халық – народ

18. Қоғам – общество

Жаттығу:

1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңыз (Спишите, вставляя пропущенные буквы).

- 1) Қазақстан – аз...т, т...уелс...з, б...йбіт ел.
- 2) М...мл...кеттік т...лі – қ...зақ т...лі.
- 3) Е...орд...сы – Аст...на қал...сы.
- 4) Қазақстан Республикасының ұл...тық в...лютасы – тең...е.
- 5) Әл...мде жер көл...мі бойынша тоғызыншы ор...нда.
- 6) Елд...гіміздің басты белгілері – ме...лекетт...к р...мізд...р.
- 7) Қазақ халқының ұ...ттық дә...түрі мен м...дени...ті мәңгі тарихта қалады.